

Сабак тақырыбы: 1. Өр түрлі ТЖ кезінде адамның тірі қалуының негіздері және әдістері.

2. Төтенше жағдай (ТЖ) — адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар.

Өткізілетін айы: Қараша

Мақсаты: Табиғи сипаттағы ТЖ туралы теориялық білімді бекіту және олар туындағанда халықтың іс-қимылы үлгілерін зерделеу.

Төтенше жағдай — мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты елбасы немесе парламент жариялайтын уақытша режим. Ол табиғат апаты, соғыс қаупі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу, т.б. жағдайларда жарияланады.

Адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар олар: Жер сілкінісі, өрт, көшкін, сел, су қаупі және т.б.

Жыл сайын әлемде апаттар, табиғи апаттар көптеп болуда, осындай жағдайларда кадр қызметтерінің жұмыс істеуде психологиялық дайындығы болуы қажет, бұл орайда төтенше жағдайлар қызметінің тиімділігі, сонымен қатар, психологиялық жай-күйінің әсері де, өз психологиялық салдар ұзақтығына да байланысты болып табылады. Төтенше жағдай, апат төңірегінде қалыпты қал ахуал, оның басты көрсеткіші бүлдіру процесінің жиілігі болып табылады. Бұл процестерді қалпына келтіру үшін қосымша күшпен қаражатты тарту және айрықша шешім қабылдауды талап етеді. Дегенмен, төтенше жағдайдың ең басында бірінші кезекте адамдық фактор тұрады. Төтенше жағдайға тап болған адам біреулері денсаулықтарын жоғалтса, екіншілері ауыр жарақат пен жазылмас дертке ұшыраса, үшіншілері өмірмен қоштасады. Төтенше жағдайларды жою кезінде техногендік, табиғи және психологиялық факторлардың адамға зиянды әсер етуі нәтижесінде денсаулығының бұзылуына; жаралану (контузия, жарақат алу, мертігу), радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану; асқынған соматикалық және жұқпалы аурулар, созылмалы аурулардың асқынуы, психоэмоционалдық және психосоматикалық бұзылулар жатады. Төтенше жағдай кезінде денсаулыққа зиянды әсерлерден де маңыздысы – оның психикасы мен санасының жарақаты. Оның көлемі, әсері неғұрлым көріністі болса, ол көрініс адамның жанында ұзақ уақыт өмір сүреді. Бірақ, жаратылысына қарай төтенше жағдайға тап болған барлық адамдардың қабылдау психикасы бірдей болмайды. Біреулер тез өзінің ішкі өмірлік ресурстарын жинақтап, оған шешім қабылдауға дайын болса, басқаларының жұмыс қабілеті төмендеп немесе жойылып, денсаулығы нашарлап, физиологиялық және психологиялық жағынан төмендеу құбылысы пайда болады. Бұл көптеген факторларға: – адам ағзасының жеке ерекшелігі – тұқым


қуалауға – тәрбиеге – тіршілік және еңбек жағдайына –
темпераментке – эмоционалдық көңіл-күйге байланысты. Адам
табиғаттағы, өндірістегі, көлік апаттарының төтенше жағдайының
басы-қасында болғанда оқиғаны әртүрлі бағалайды, әрі ТЖ оған
психологиялық кері әсер етуі мүмкін. Мұның өзі сол адамдардың апат
зардабын бағалауды, қиын-қыстау жағдайда қалай қимылдауды
білмегенінен болады. Асып-сасушылық басым болуы мүмкін. Бірер
адамнан шыққан үрейлену көпшілікке берілсе, онда жаппай үрей
(паника) туындауы мүмкін. Қорқыныш сезімін білмеген адамдар
жағдайды шынайы бағалай алмайды. Немесе асыра сілтеуге жақын
тұрады. Олар өз сезіміне бой беріп, жауапкершілікті
жоғалтады. Бұндайда теріс түсінушілік, бұрмалаушылық әңгімелер
көп болады.



ТЖ ТУЫНДАУ ҚАУПІНІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

- **төмен (жасыл)** - қауіп-қатер деңгейі төмен, азаматтық қорғаныс бөлімдері штаттық режимде жұмыс жасайды.
- **орташа (сары, қызғылт сары) деңгей** - халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ТЖ алдын алу үшін қосымша шаралар қабылдауды қажет етеді.
- **жоғары (қызыл, қою қызыл) деңгей** - жедел және шешуші іс-қимылды талап етеді, азаматтық қорғаныс бөлімшелері күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылады, халыққа сақтық шараларының қажеттілігі туралы хабарланады.

*Мониторинг және болжау деректері негізінде уәкілетті орган қауіптіліктің қандай да бір деңгейін жариялау туралы шешімді қабылдайды. ТЖ салдарларын алдын алуға, жоюға және азайтуға бағытталған ден қою шаралары және қажетті қауіптің ағымдағы деңгейі туралы ақпарат БАҚ және хабарландыру жүйелері арқылы халыққа жеткізіледі.



БӨЛМЕЛЕРДІ ЖЫЛЫТУ
ҮШІН ГАЗ ПЕШТЕРІН
ПАЙДАЛАНУ!

АҚАУЫ БАР ЭЛЕКТР
ҚҰРАЛДАРЫН
ПАЙДАЛАНУ!

ПЕШТІ
ҚАРАУСЫЗ
ҚАЛДЫРУҒА!

Тыйым салынады!

ӨҒІ ҚОЛДА
АЛ

КЕЗЕ +10%
+15%

+15%

ҚАРАУСЫЗ
ҚАЛДЫРУ

ҚАЛДЫРУ

БАЛАЛАРДЫ
ПЕШТІ
ШОЛУҒА
ҚАЛДЫРУ!

ЖЫЛЫТУ ПЕШІН
ҚАТТЫ ҚЫЗДЫРУҒА!

ПЕШТІ ЖАҒУ ҮШІН БЕНЗИН,
КЕРОСИН ЖӘНЕ БАСҚА
СҮЙЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ!

Бірінші міндет-мақалы іс-әрекеттен Ақпаратты қауіп-қатерді талдау (идентификация).

Идентификация келесі ретте жүзеге асуды керек. Омір сүру ортасының қауіп туғызатын элементін анықтау, қауіп тудыратын іс-әрекетті талдайтын адамдарға қойылатын талаптарды белгілеу. Содан кейін барып қауіптердің идентификациясы жүргізіледі.

Екінші міндет-адамды және өмір сүру ортасын табылған қауіп-қатерден қорғаудың тиімді әрі сенімді шараларын әзірлеу.

Үшінші міндет-осы іс-әрекеттің тәуекелінің қалдығынан қорғану шараларын әзірлеу, себебі толық қауіпсіздік орнату мүмкін емес.



Үйірме жетекшісі: Бугабай Ақжол